



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 16-23 қыркүйек аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 26 қыркүйек

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 23 қыркүйекте теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,5%-ға (477,12 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 479,42 теңге деңгейінде қалыптасты.


2022 жылдың 16-23 қыркүйек аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. АҚШ ФРЖ бұдан былай да мөлшерлеменің көтерілетіні туралы белгі беріп, оны қатарынан үш рет 3-3,25%-ға дейін 75 б.т. көтерді. АҚШ-тың 2 жылдық қазынашылық облигацияларының мөлшерлемесі 4%-дан аса көтерілді. Жапония банкі 24 жыл ішінде алғаш рет ұлттық валютаны қолдау үшін валюталық интервенция өткізді. Әлемдік рецессияға және Украина мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери шиеленістің ушығуына байланысты қауіптену – инвесторлардың тәуекел-сентиментіне теріс әсер етті.

Бұл факторлар дамушы нарықтарда валюталардың теріс динамикасына алып келді.


Дамушы елдерде валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- **Ресей рублі** экспорттаушыларды салық төлемдеріне дайындау аясында 3,9%-ға (60,28-ден 57,92-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,2%-ға (5,25-тен 5,26-ға дейін) біршама әлсіреді. Бразилия Орталық банкі негізгі мөлшерлеменің 13,75% деңгейінде сақталуына қарамастан, риторикасын қатаңдатуы ұлттық валютаның динамикасын қолдады;
- **Индонезия рупиясы** АҚШ долларының жаһандық нығаюы аясында 0,6%-ға (14 955-тен 15 038-ге дейін) әлсіреді. Индонезия банкі мөлшерлемені 4,25%-ға дейін 50 б.т. көтерді;
- **Мексика песосы** АҚШ ФРЖ отырысынан кейін тәуекелді активтердің теріс динамикасы аясында 0,8%-ға (20,04-тен 20,21-ге дейін) әлсіреді;
- **түрік лирасы** 80%-дан асатын инфляция қарқынына қарамастан, мөлшерлеменің күтпеген жерден 13%-ға дейін 1 п.т. төмендеуі аясында 0,8%-ға (18,26-дан 18,41-ге дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** жаһандық инвесторлардың тәуекел дәрежесінің құлдырауы аясында 1,6%-ға (79,75-тен 80,99-ға дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** Орталық банктің базалық мөлшерлемені 6,25%-ға дейін 75 б.т. арттыру жөніндегі шешіміне қарамастан, 1,9%-ға (17,61-ден 17,95-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 23 қыркүйекке дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың 16-23 қыркүйек аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 9 қыркүйек = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz